

Date Printed: 04/21/2009

---

JTS Box Number: IFES\_65  
Tab Number: 43  
Document Title: Guide to Voters on Elections in the  
Republic of Kazakhstan  
Document Date: 1998  
Document Country: Kazakhstan  
Document Language: Kazakh  
IFES ID: CE00887



\* D 9 2 7 E 0 D 0 - A 3 4 D - 4 E 2 4 - 9 C D 6 - E A B E E 6 D 5 B 7 1 F \*



**САЙЛАУШЫҒА  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
САЙЛАУ ТУРАЛЫ  
(жаңауал)**

---

**ИЗБИРАТЕЛЮ  
О ВЫБОРАХ  
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН  
(памятка)**

**1998**

## **Құрметті сайлаушы!**

Сіздің алдыңызда «Сайлаушыға Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» жадуал жатыр.

Сайлау, институт есебінде — адамзаттың Көне Грециядағы Афина демократиясынан бергі уақыттағы ұлы жетістігі, қай елдің болмасын демократиялығы мен өркениеттігінің бір көрсеткіші.

Мемлекет халықтың ресми өкілі болып табыла отырып өзінің органдары мен институттары арқылы оның еркін білдіреді және іс жүзіне асырады.

Азаматтар сайлау мен референдумдар арқылы өздерінің мемлекет істерін басқаруға қатысу жөніндегі конституциялық құқығын жүзеге асырады.

Азаматтардың құқықтық мәдениетін және Республикадағы сайлау туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Орталық сайлау комиссиясы Сізге осы жадуалды ұсынады. Ол сайлау заңдары туралы Сізді қызықтыратын сауалдарға жауап табуға көмектеседі деп үміттенеміз.

Орталық сайлау комиссиясының ұжымы атынан Сізге сайлауға белсенді түрде атсалысып, яғни мемлекетті басқаруға еркін сайланған өкілдер арқылы қатысуыңызға тілек білдіреміз.

**З. БАЛИЕВА,**  
Қазақстан Республикасы Орталық  
сайлау комиссиясының төрайымы.

**F. CLIFTON WHITE RESOURCE CENTER 7/00**  
**INTERNATIONAL FOUNDATION FOR ELECTION SYSTEMS**

# Сайлаушыға Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы

## Азаматтардың сайлау құқықтары

Әрбір адам өз елін басқаруға тікелей немесе еркін сайланған өкілдер арқылы араласуға құқылы.

Халықтың еркі үкімет билігінің негізі болуға тиіс; бұл ерік мерзімді және бұрмаланбаған, жалпы және тең сайлау құқығы сақталып, жасырын дауыс беруді немесе дауыс беру бостандығын қамтамасыз ететін өзге дәл сондай нысандар арқылы өткізілетін сайлауларда көрініс табуға тиіс.

Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Республикадағы сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады.

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы — Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне және

кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

Бөсен сайлау құқығы — Республика азаматтарының Конституцияда белгіленген шектеулермен Президент, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттың депутаты болып сайлану құқығы.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне кандидат ретінде:

1) тіркелу алдындағы бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тұрғысында құқық бұзғаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған;

2) тіркелу алдындағы бір жыл ішінде қасақана қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен өкімшілік жаза қолданылған;

3) тіркелу уақытына қарай соттылығы өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіп бойынша алып тасталмаған;

4) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамасы жоқ адамды тіркеуге болмайды.

Сайлаушылар Республика Президенті, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттары сайлауына тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының тиісінше бір дауысы болады.

Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтар тікелей сайлайды.

Сайлауда жасырын дауыс беріледі әрі сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да болсын бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейді.

### **Сайлаушыларды сайлау округтарымен және сайлау комиссияларының құрамдарымен таныстыру**

Президентті, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық сайлау ко-

миссияларының құрамын сайлау тағайындалғаннан немесе жария етілгеннен кейін он күннен, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамын жеті күннен кешіктірмей оларды құрған әкімдер бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекараларын және округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсетіп, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірмей тиісті сайлау комиссиялары тиісті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

Округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау тағайындалғаннан немесе жария етілгеннен кейін он күннен кешіктірмей оларды құрған әкімдер бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Тиісті әкімдер учаскелерді құрған кезден бастап жеті күн мерзім ішінде, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде үш күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаушыларды әрбір сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде хабардар етеді.

Президентті, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамын сайлау тағайындалғаннан немесе жария етілгеннен кейін жеті күннен, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамын үш күннен кешіктірмей оларды құрған әкімдер бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

### **Сайлаушыларды сайлаушылардың тізімдерімен таныстыру**

Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдері жалпы жұрттың танысуына дауыс беретін күнге он бес күн калғанда, Республикаға қарайтын әскер бөлімдерінде, дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде,

демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактика мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанында құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруге бес күн қалғанда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау өткізген кезде құрылған сайлау учаскелері бойынша — дауыс беруге жеті күн қалғанда ұсынылады.

Сенат депутаттарын сайлау бойынша таңдаушылар тізімдері танысу үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен сайлауға дейін кемінде жеті күн бұрын ұсынылады.

Азаматтарға (таңдаушыларға) тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар (таңдаушылар) тізімімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар (таңдаушылар) жөніндегі деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

Тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ сайлаушы (таңдаушы) туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін әрбір азаматқа (таңдаушыға) шағымдану құқығы беріледі. Тізімдерге түзетулер жасау қажеттігі туралы арыздарды тиісті сайлау комиссиясы үш күн мерзімнен кешіктірмей, ал дауыс беру қарсаңында және дауыс беретін күні дереу қарайды. Арыз мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы арызданушыға оның арызының мақұлданбағаны туралы дәлелді шешімнің көшірмесін кешіктірмей береді. Шешімге сайлау комиссиясы тұрған жер бойынша тиісті сотқа шағым жасауға болады, ол шағымды — үш күн ішінде, ал сайлау қарсаңында және сайлау күні дереу қарап, түпкілікті шешім қабылдайды. Арызданушы үшін дұрыс шешім қабылданған жағдайда сайлау комиссиясы сайлаушылар (таңдаушылар) тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны қосымша тізімге енгізуді дереу жүргізеді.

## **Кандидаттардың сенім білдірген адамдары және бастамашыл топтар**

Сайлаушылар кандидаттардың сенім білдірген адамдарының құрамында және олардың бастамашыл топтарының мүшелері бола алады.

Кандидаттар сенім білдірген адамдарының болуына хақылы, олар сайлау науқанын жүргізуге көмектеседі, сайлау алдындағы үгітті жүргізеді, мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен, сайлау комиссияларымен қатынастарда кандидаттардың мүдделерін білдіреді.

Кандидаттар сенім білдірген адамдарын өз беттерінше анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Президенттікке кандидаттың жиырма беске дейін сенім білдірген адамдары болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттың жетіге дейін сенім білдірген адамдары болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттың беске дейін сенім білдірген адамдары болуы мүмкін.

Мәслихат депутаттығына кандидаттың және өзін-өзі басқару органы мүшелігіне кандидаттың үшке дейін сенім білдірген адамдары болуы мүмкін.

Сенім білдірген адамдар өздеріне кандидат берген өкілеттік шегінде жұмыс істейді.

Сенім білдірген адам сайлау науқаны аяқталғаннан кейін немесе өз бастамасы бойынша не кандидаттың шешімімен өз мәртебесінен айырылады.

Бастамашыл топтарды Президенттікке кандидаттардың өздері құрады және олар тиісті сайлау комиссияларында тіркеледі.

Бастамашыл топтың құрамын және оның мүшелерінің санын кандидат өз бетінше белгілейді.

Бастамашыл топтар:

1) Президенттікке, Парламент Сенатының де-



путаттығына ұсынылған кандидаттарды қолдайтын сайлаушылардың қолдарын жинау;

. 2) белгілі бір кандидатураны қолдап немесе оған қарсы үгіт науқанын жүргізу үшін құрылады.

Бастамашыл топтардың мүшелері сайлау науқаны аяқталысымен немесе өздерінің бастамасымен не кандидаттың шешімі бойынша өз мәртебелерінен айырылады.

### **Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы кезінде Президенттікке кандидатты қолдап сайлаушылардың қол қою парақтарын толтыруы**

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы кезінде сайлаушылардың Президенттікке кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.

Президенттікке кандидатты сайлаушылардың Республиканың облыстарының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде екі проценті қолдауға тиіс.

Президенттікке кандидатты қолдап әр азаматтың қол қою парақтарына бір рет қана қол қоюға хақысы бар. Бұл ретте азамат өзінің жеке куәлігін немесе жеке басын куәландыратын өзге құжатты көрсетуге тиіс (төлқұжат, уақытша жеке куәлік).

Президенттікке кандидатты қолдап қол қоюшы бірінші сайлаушы әр қол қою парағына бірінші нөмірмен, екіншісі — тиісінше екінші нөмірмен және одан кейінгісі ретпен енгізіледі.

Қол қою парақтарындағы жолдар түсінікті жазумен әрі қысқартусыз толтырылады. Сайлаушы өз қолын өзі қояды.

Қол қою парақтары тек автоқаламмен толтырылады. Қарындашпен толтыруға болмайды.

Сайлаушының деректемелерін толтырған кезде қате жіберілген болса, ол жолды сызып тастап, оның алдындағы жолдың ретін сақтай отырып жана жолды толтыру қажет.

Сайлаушылардың деректерін бір жолға сыйғызу мүмкін болмаған жағдайда келесі жолды пайдалануға болады. Президенттікке кандидатты қолдап қол қоюшы сайлаушының реттік нөмірі бұрынғы күйінде қалады.

### **Сайлауды қаржыландыру**

Президентті, Парламентті, мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктер, шетелдік мемлекеттік органдар, шет елдердің заңды тұлғалары мен азаматтығы жоқ адамдар тарапынан Республикадағы сайлауды қаржыландыруға қатысуына тыйым салынады.

Президентті және Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауда кандидаттардың сайлау алдындағы үгітін кандидаттардың белгіленген тәртіппен құрылатын сайлау қорлары қаражатынан қаржыландыруға болады.

Кандидаттардың сайлау қорлары мемлекеттік тіркеуге жатады.

Кандидаттардың сайлау қорлары мынандай көздерден:

- 1) кандидаттардың жеке қаражатынан;
- 2) кандидатқа оны ұсынған Республиканың қоғамдық бірлестігі бөлген қаражаттан;
- 3) Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарынан құралады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қайырымдылық ұйымдарының, діни бірлестіктердің, өздерінің жарғылық капиталында шетелдік қатысушысы бар қазақстандық заңды тұлғалардың ерікті қайырмалдықтарына тыйым салынады.

Кандидаттардың сайлау қорларына заңды жолмен алынған қаражат қана беріледі. Кандидаттың қорына келіп түскен ақшалай қаражаттың жалпы сомасы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

## Сайлау алдындағы үгіт жүргізу

Мемлекет белсенді сайлау құқығы бар азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге белгілі бір кандидатты жақтап және оған қарсы кедергісіз үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді. Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген күннен басталып, сайлау қарсаңындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) сайлау алдындағы шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді, жария түрдегі сайлау алдындағы пікір таластары мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және өзге де сайлау алдындағы шараларды) жария түрде өткізу, кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен;
- 3) баспа, дыбысты-көріністі және үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде олардың лауазымды адамдарына;
- 2) әскер бөлімдеріне, әскери мекемелер мен ұйымдарға;
- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне тыйым салынады.

Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа, соның ішінде көркемдеуші материалдарды, сондай-ақ омырау белгілерді, жалауларды, жалаушаларды және басқа белгілер мен нысандарды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдікті жағдайлармен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызмет

көрсету, ақша қаражатын төлеу не оны беруге уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Президенттікке, Парламент және мәслихат депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат өзінің болашақ қызметінің бағдарламасын баяндайды. Кандидаттың бағдарламасы Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылық, сондай-ақ қатігездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру идеяларын уағыздамауға тиіс.

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады.

### **Сайлау учаскесінде дауыс берудің уақыты мен орыны**

Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жөніндегі дауыс беру сайлау күні жергілікті уақытпен сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі. Аумақтық немесе округтік сайлау комиссиялары тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша дауыс беруді бастайтын және аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге хақылы. Бұл орайда дауыс беруді сағат алтыдан ерте бастап, сағат жиырма екіден кеш аяқтауға болмайды. Дауыс беруді бастау және аяқтау уақытын өзгерту туралы аумақтық немесе округтік комиссиялардың шешімі дауыс беру күніне кем дегенде жеті күн қалғанда қабылданып, сайлаушыларға хабарлануға тиіс.

Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беретін уақыт пен орын туралы дауыс беру өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізген кезде бес күннен кешіктірмей сайлаушыларды хабардар етуге тиіс.

## Сайлау учаскесінде дауыс беруді ұйымдастыру

Әрбір сайлаушы (таңдаушы) өзі дауыс береді.

Сайлауда дауыс құқығын басқа біреуге беруге және сол сияқты басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сайлаушыларға (таңдаушыларға) сайлаушылар тізімдері (таңдаушылар тізімдері) негізінде сайлаушының (таңдаушының) жеке басын куәландыратын құжатты көрсету бойынша беріледі.

Сайлаушылар (таңдаушылар) тізімге бюллетеньдерді алғандығы туралы қол қояды.

Комиссияның бюллетеньді (бюллетеньдерді) берген мүшесі оларға өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді (бюллетеньдерді) алған сайлаушының (таңдаушының) тізімдегі тегінің тұсына қол қояды.

Дауыс берушілер сайлау бюллетеньдерін жасырын дауыс беруге арналған кабиналарда немесе бөлмелерде толтырады. Оларды толтыру кезінде дауыс берушіден басқа кімнің болса да кіріп тұруына тыйым салынады.

Сайлаушы өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының не «Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беремін» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршының ішіне кез-келген белгі («v» белгісі, қосу, «ия» сөзі, дөңгелек немесе басқа белгі) соғады.

Сайлау бюллетенінің нұсқасы және белгі соғудың үлгісі қоса тіркеледі.

Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы (таңдаушы) өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сайлаушының (таңдаушының) бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылады. Мыналар ондай адам болуға тиіс емес:

- 1) сайлау комиссиясының мүшесі;

**Қазақстан Республикасының Президентін сайлау жөніндегі**

**САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ**

1999 жылғы 10 қаңтар

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ БЮЛЛЕТЕНЬ**  
по выборам Президента Республики Казахстан

10 января 1999 года

**Өзіңіз жақтап дауыс беретін кандидаттың тегінің оң жағындағы  
бос шаршыға белгі қойыңыз**

**Поставьте отметку в пустом квадрате справа от фамилии  
кандидата, за которого Вы голосуете**

Президенттікке кандидаттар (алфавит тәртібімен) Кандидаты в президенты	«Жақтап» дауыс беремін Голосую «За»
Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	<input type="checkbox"/>
Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	<input type="checkbox"/>
Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	<input checked="" type="checkbox"/>
Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	<input type="checkbox"/>
Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	<input type="checkbox"/>
Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беремін Голосую против всех кандидатов	<input type="checkbox"/>

Бір кандидаттан артық белгіленген немесе сайлаушының ерік білдіруін анықтау мүмкін болмаса, бюллетень жарамсыз деп танылады.

Недействительным признается бюллетень, в котором отмечено более одного кандидата или в котором невозможно определить волеизъявление избирателя.

Учаскелік сайлау  
комиссиясы мүшесінің қолы  
Подпись члена  
участковой избирательной комиссии

2) жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы;

3) кандидаттың сенім білдірген адамы;

4) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі — журналист;

5) тиісті сайлау комиссиясының жанында тіркелген Республиканың қоғамдық бірлестіктерінен келген байқаушы, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның байқаушысы.

Толтырылған бюллетеньдер дауыс беруге арналған жәшікке салынады.

Жекелеген сайлаушылар денсаулық жағдайына және басқа себептерге байланысты дауыс беруге келе алмаған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы олардың өтініші бойынша осы сайлаушылардың тұрған жеріне барып дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс. Сайлаушы дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін туғызу жөніндегі ауызша өтінішіне оған учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері келген бойда жазбаша түрде бекітуге тиіс. Дауыс беруді, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде өткізген кезде өкілдер мен байқаушылар қатысуға хақылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдар дауыс беруді өткізу жөніндегі комиссия белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Тиісті сайлау комиссиясының төрағасы тәртіпке жауапты болады және тәртіпті, дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез-келген адамның ол жерден кетуін талап етуге хақылы.

### **Барған жерін өзгерткен жағдайда және алдын ала дауыс беру**

Сайлаушылар тізімдерін жалпы жұртқа таныстыру үшін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сайлаушы өзінің барған жерін өзгерткен жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушының өтініші бойынша және оның жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі арқылы сайлаушыға дауыс беру құқығы куәлігін береді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті

белгі қойылады. Учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні дауыс беру құқығы куәлігін көрсеткеннен кейін сайлаушыны ол келген жердегі сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың қосымша тізіміне енгізеді.

Егер Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлаудан өрі кеткенде жеті күнге жетпей, не жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дейін кемінде үш күн қалғанда сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайға бару мүмкіндігі болмайтыны сайлаушыға белгілі болған жағдайда, ол учаскелік сайлау комиссиясынан дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алдын ала алуға хақылы. Сайлаушы бюллетеньдерді алған кезде тізімге қол қояды. Сайлаушы бюллетеньдерді толтырғаннан кейін оларды конвертке салады, бұл конверт желімделіп, мөр басылады немесе оған сайлау комиссиясының мүшелері қол қойып растайды, сөйтіп ол комиссияға беріледі. Мөр басылған конверт учаскелік сайлау комиссиясында дауыс беретін күнге дейін сақталуға тиіс және дауыс беру күні жалпы дауыс беру басталар алдында комиссияның төрағасы оның басқа мүшелерінің қатысуымен дауыс беруге арналған жәшікке салуға тиіс. Бұл ретте конверттің бүтіндігі, мөрдің немесе қойылған қолдың, сондай-ақ сайлаушылар тізіміндегі белгіге конверттер санының сәйкес келуі тексеріледі.

### **Сайлау науқаны барысындағы кандидаттар қызметінің кепілдіктері**

Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутатына кандидаттар өздері тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін сайлау алдындағы науқан кезінде жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылып, сайлау өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражатынан олардың орташа жалақысы мөлшерінде сол кезеңдегі шығыстары өтеледі. Кандидаттың сайлауға қатысқан уақыты ол тіркелген күнге дейін жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек стажына есептеледі.



Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидаттарды олар тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін өздерінің келісімінсіз жұмысынан босатуға, басқа жұмысқа немесе лауазымға ауыстыруға, сондай-ақ іссапарларға жіберуге не әскер жиындарына шақыруға болмайды.

Президенттікке, Парламент депутаттығына кандидаттарды олар тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін тұтқынға алуға, еріксіз әкелуге, оларға сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, сондай-ақ оларды тиісінше Орталық сайлау комиссиясының, тиісті аумақтық немесе округтік сайлау комиссиясының келісімінсіз тікелей қылмыс үстінде ұсталғаннан және ауыр қылмыс жасағаннан басқа реттерде ұстауға болмайды.

### **Сайлаушылар құқығын қорғау**

Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруға, сайлау алдындағы үгітті жүргізуге күштеу, алдау, қоқан-лоққы жасау, сатып алу жолымен немесе өзге әдіспен кедергі жасайтын, кандидаттар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарататын не олардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасайтын адамдар, сондай-ақ сайлау күні және соның қарсаңындағы күні үгіт жүргізген, сайлау комиссиясының жұмысына араласқан және дауыс беруге, кандидатты тіркеуге, дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі жасаған, кандидаттардың сенім білдірген адамдарының, сайлаудағы өкілдер мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі жасаған адамдар заңда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген

тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізуге қатысты, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қарап, оларды бес күн мерзімде, ал дауыс беру қарсаңында және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

Өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ басқа да жеке және заңды тұлғалардың, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесін қорғау мақсатында азаматтардың органдар мен олардың лауазымды адамдарына өтініш жасауға құқы бар.

Азаматтардың өтініштері органдарға түскен күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде, ал қосымша зерделеу мен тексеру талап етілмейтіндері он бес күннен кешіктірілмей қаралып, солар бойынша шешімдер қабылданады. Қосымша тексеру қажет болған жағдайда тиісті ұйымның басшысы өтініштің қаралу мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспауға тиіс, бұл жөнінде азамат хабардар етіледі.

Өздерінің жоғары тұрған органдары жоқ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әрекеттері жөніндегі азаматтардың өтініштері сот тәртібімен шешіледі.

\* Қазақстан Республикасы Конституциясы баптарының, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығының, Қазақстан Республикасы Президентінің «Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң күші бар Жарлығының және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулыларының ережелері пайдаланылды.

## **Уважаемый избиратель!**

Перед Вами находится памятка «Избирателю о выборах в Республике Казахстан».

Выборы, как институт, — величайшее достижение человечества со времен Афинской демократии в Древней Греции, один из показателей демократичности и цивилизованности той или иной страны.

Государство, являясь официальным представителем народа, через свои органы и институты выражает и реализует его волю.

Через выборы и референдумы граждане реализуют свое конституционное право участвовать в управлении делами государства.

В целях повышения правовой культуры и информированности граждан о выборах в Республике, Центральная избирательная комиссия предлагает Вам в помощь данную памятку. Надеемся, что она поможет ответить на все интересующие Вас вопросы об избирательном законодательстве.

От имени коллектива Центральной избирательной комиссии желаем Вам принимать активное участие в выборах, а значит, участвовать в управлении государством через свободно избранных представителей.

**З. БАЛПЕВА,**  
Председатель Центральной  
избирательной комиссии  
Республики Казахстан.

# Избирателю о выборах в Республике Казахстан

## Избирательные права граждан

Каждый человек имеет право принимать участие в управлении своей страной непосредственно или через посредство свободно избранных представителей.

Воля народа должна быть основой власти правительства; эта воля должна находить себе выражение в периодических и нефальсифицированных выборах, которые должны проводиться при всеобщем и равном избирательном праве, путем тайного голосования или же посредством других равнозначных форм, обеспечивающих свободу голосования.

Граждане Республики Казахстан имеют право избирать и быть избранными в государственные органы и органы местного самоуправления, а также участвовать в республиканском референдуме.

Не имеют права избирать и быть избранными, участвовать в республиканском референдуме граждане, признанные судом недееспособными, а также содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда.

